

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

«25» _____ 04 _____ 2025 ж./г.

ПРОТОКОЛ

№ 4/ _____

**Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ базасында «Телекоммуникация»,
«Инженерия және инженерлік іс (Ғарыштық техника және технологиялар)»
және**

**«Инженерлік және инженерлік іс (Электр энергетикасы және Жылу
энергетикасы)» кадрларын даярлау бағыттары бойынша Республикалық
оқу-әдістемелік кеңестің жобаларын басқару топтары – оқу-әдістемелік
бірлестігінің отырыстары (РОӘК ОӘБ-ЖБТ).**

РОӘК ЖБТ-ОӘБ төрағасы – Айбек Жупанхан, АЭЖБУ Академиялық қызмет
жөніндегі проректоры;

РОӘК ЖБТ-ОӘБ төрағасының орынбасары – Саягуль Мухтаровна Байзакова,
АЭЖБУ Академиялық мәселелер жөніндегі директор;

РОӘК ЖБТ-ОӘБ хатшысы – Альмира Далелханқызы Мухамеджанова,
АЭЖБУ «Телекоммуникациялық инженерия» кафедрасының профессор-практигі.

Қатысқандар: РОӘК ОӘБ - ЖБТ-нің 25 мүшесі,

Қатыспағандар: РОӘК ОӘБ - ЖБТ-нің 30 мүшесі.

Кворум бар (55 адамның ішінде 25-нің дауыс беруге құқығы бар).

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025-2027 жылдарға арналған Кадрларды даярлау бағыттарының
жіктеуішін әзірлеудің негізгі мәселелері туралы *Баяндамашы – профессор
Э.А. Сериков.*

2. 16.04.2025ж. № 1550/04-2468 «ҚР ҒЖБМ ЖБДҰО» РМК хатын талқылау.
Баяндамашы - РОӘК ЖБТ-ОӘБ төрағасының орынбасары.

3. Әртүрлі.

ТЫҢДАЛДЫ: Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ профессоры Эрнест Акимович Сериков.

Э.А. Сериков – қолданыстағы 2018 жылғы Классификатор ББХСЖ 2013 талаптарына сәйкес келмейтінін, құрылымы екі деңгейлі екенін және «мамандану» санатын қамтымайтынын атап өтті. Бұл білім беру бағдарламаларын жүйелеуді қиындатады, талапкерлер үшін ашықтықты төмендетеді және ЖОО-лардың мамандануын көрсетпейді.

Жаңа Классификатор-2025 моделі ұсынылды, онда білім деңгейін, білім саласын, даярлау бағытын, даярлық бейінін және білім беру бағдарламасын қамтитын сегіз таңбалы код қарастырылды. «Даярлық бейіні» деңгейін енгізу білім беру бағдарламаларын құрылымдауға, Классификаторды халықаралық стандарттарға жақындатуға және кәсіби бағдарды жақсартуға мүмкіндік береді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ақпаратты назарға алу. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен РОӘК-ке ұсынылған құрылым мен ББХСЖ-2013 ұсынымдарын ескере отырып, Классификатор-2025-ті енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ: РОӘК ЖБТ-ОӘБ төрағасының орынбасары - Байзакова Сая Мухтаровна, АЭЖБУ АМД директоры.

С.М. Байзакова - ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының 2025 жылғы 4 сәуірдегі РОӘК отырысы хаттамасының шешімдерін орындау жөніндегі хатымен таныстырды.

Келесі тапсырмаларды орындау қажет екенін атап өтті:

1. 1.3-тармақ бойынша: ББТ тізбесіне ревизия жүргізу және қажет болған жағдайда негіздемесімен (еңбек нарығының қажеттіліктерін талдау, ресурстардың, кадрлардың, практика базасының болуы, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл және т.б.) оларды өзектендіру жөнінде ұсыныстар енгізу – **2025 жылғы 15 маусымға дейінгі мерзім.**

2. 3.2-тармақ бойынша: Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті – Су ресурстары және ирригация министрлігінің ұсыныстарын зерделесін және дайындық бағыттарын кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізсін – **2025 жылғы 2 мамырға дейінгі мерзім.**

3. Халықаралық білім беру корпорациясы базасында ОӘБ: құрылыс саласындағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына кандидатураларды жіберу – **2025 жылғы 18 сәуірге дейінгі мерзім.**

4. Барлық бағыттардың ОӘБ: салалар бойынша кәсіптік стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарына кандидатураларды жіберу – **2025 жылғы 25 сәуірге дейінгі мерзім.**

ҚАУЛЫ:

1. Ақпаратты барлық ОӘБ-ға жеткізу.
2. Тапсырмаларды белгіленген мерзімде уақтылы орындауды қамтамасыз етеді.

3. Әртүрлі:

3.1 «Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтауды жобалау» оқулығы, авторлар: С.В. Олейников, Л.А. Садыкова, В.П. Захаров РОӘК ЖБТ-ОӘБ белгісін беріп, баспаға ұсыну.

Дауыс беру нәтижесі: қолдады - 25, қарсы - жоқ, қалыс қалғандар - жоқ.
ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

РОӘК ЖБТ-ОӘБ төрағасы

А. Жупанхан

РОӘК ЖБТ-ОӘБ тех. хатшысы

А. Нуртаева

